2. Виріб купується виключно для особистих побутових потреб. Виріб повинен використовуватися відповідно до інструкції з експлуатації та з дотриманням правил та вимог безпеки.
3. Обов'язки виробника відповідно до цієї гарантії виконують продавці – уповноважені дилери виробника та офіційні центри з обслуговування (сервіс-центри). Ця гарантія не розповсюджується на вироби, придбані у не уповноважених виробником продавців, котрі самостійно несуть відповідальність перед споживачем згідно з російським законодавством.
4. Ця гарантія не розповсюджується на дефекти та зовнішні зміни приладу, що виникли у результаті:
 - Хімічного, механічного та іншого впливу, попадання сторонніх предметів, рідин, комах та продуктів їх життєдіяльності всередину виробу;
 - Неправильної експлуатації, що полягає у використанні виробу не за його прямим призначенням, а також встановлення та експлуатації виробу з порушенням правил та вимог техніки безпеки;
 - Нормальної експлуатації, а також природного зношування, що не впливають на функціональні властивості: механічні пошкодження зовнішньої або внутрішньої поверхні (вм'ятини, подряпини, потертості), природні зміни кольору металу, у тому числі поява райдужних та темних плям, а також корозії на металі у місцях пошкодження поверхні та непокритих ділянках металу;
 - Зношування деталей оздоблення, ламп, батарей, захисних екранів, накопичувачів сміття, ременів, щіток та інших деталей з обмеженим строком використання;
 - Ремонту виробу, здійсненого особами або фірмами, що не є авторизованими сервісними центрами*.
5. Ця гарантія діє за умови пред'явлення оригіналу цього гарантійного талона, оригіналу товарного чека, виданого продавцем, та виробу, у якому виявлено дефекти.
6. Ця гарантія діє лише для виробів, що використовуються для особистих побутових потреб, та не розповсюджується на вироби, котрі використовуються з комерційною, промисловою та професійною метою.

З усіх питань гарантійного обслуговування виробів **POLARIS** звертайтеся до вашого місцевого офіційного продавця **POLARIS**.

У разі виявлення несправностей обладнання необхідно негайно зв'язатися із сервісним центром.

*Адреси авторизованих центрів обслуговування на сайті Компанії: www.polar.ru

Постачальник не несе жодної відповідальності за збитки, пов'язані з пошкодженням виробу під час транспортування, внаслідок некоректного використання, а також у зв'язку із модифікацією або самостійним ремонтом виробу.

Дәмді пісірмелерді пісіруге арналған құрылғы POLARIS

Үлгісі PNT PST 0301

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

POLARIS сауда таңбасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Біздің бұйымдар сапа, функционалдық және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес жасалған. Біздің фирмадан жаңа бұйым алғаныңызға риза болатыныңызға сенімдіміз.

Құрылғыны пайдаланбас бұрын осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықты міндетті түрде толықтай, мұқият оқып шығыңыз, осы нұсқаулықтың барлық пайдалану ережелерімен мұқият танысыңыз, онда Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат бар, сондай-ақ, құрылғыны дұрыс пайдалану және оған күтім көрсету жөніндегі нұсқаулар мен кеңестер берілген.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты кепілдік талонымен, кассалық чекпен бірге, мүмкіндігінше, картон қорапта және орама материалымен бірге сақтаңыз.

Мазмұны

Жалпы мәлімет	19
Құрылғының пайдалану саласы	20
Құрылғының сипаттамасы	20
Құрылғыны іске қоспас бұрын пайдалануға дайындау	21
Жұмыс тәртібі	21
Сэндвичтерді әзірлеу	21
Тазарту және күтім жөніндегі нұсқаулар.....	22
Құрылғыны сақтау жөніндегі ережелері	22
Құрылғыны тасымалдау жөніндегі ережелері	23
Бұл құрылғыны тауар ретінде өткізу жөніндегі ережелері	23
Осы құрылғымен жұмыс атқару барысындағы қауіпсіздік жөніндегі сақтық шаралары	23
Тұрмыстық электрлік құрылғылармен пайдалану барысындағы қауіпсіздік жөніндегі жалпы нұсқаулар	24
Құрылғының жиынтықтылығы	26
Жарамсыз деп табылған тұрмыстық электрлік құрылғылар мен техникалық бұйымдарды кәдеге жарату жөніндегі талаптар.....	26
Құрылғының техникалық сипаттамалары	26
Ақауларды іздестіру және оларды жою тәсілдері	26
Сертификаттау жөніндегі ақпарат	27
Кепілдік міндеттеме	28

Жалпы мәлімет

Бұл пайдалану бойынша нұсқаулық, үлгісі PST 0301 POLARIS сауда таңбасымен шығарылатын, дәмді пісірмелерді пісіруге арналған электрлік құрылғы (бұдан әрі мәтін

бойынша – дәмді пісірмелерді пісіруге арналған құрылғы, құрылғы) жөніндегі техникалық деректері мен сипаттамаларымен, оның құрылғысымен, сонымен қатар құрылғыны сақтау және пайдалану бойынша ережелермен танысуға арналған

Құрылғының пайдалану саласы

- Бұл тұрмыстық электрлік құрылғы тек қана үйде, тұрмыстық мақсатта осы пайдалану жөніндегі Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес, тұрғын ғимаратында, қалыпты болып саналатын ылғалдық пен температурада, тек тұрмыста және соған ұқсас жағдайларда ғана пайдалануға арналған:
 - тұрақты тұрғылықты мекенжайларда;
 - дүкен қызметкерлерінің тамақтанатын орындарында, кеңселерде, фермерлік шаруашылықта және басқа да жұмыс орындарында;
 - тұруға арналған қонақ үйлерде, сондай-ақ, тұтынушылардың уақытша тоқтайтын, тамақтанатын және бос уақыттарын өткізетін қонақжай мен мейманхана сияқты және басқа да тұруға арналған жанұялық демалыс орындарында;
 - түнеуге және таңғы асты ішуге арналған орындарда пайдалануға арналған.
- Бұл тұрмыстық электрлік құрылғыны өнеркәсіптік және коммерциялық мақсатта пайдалануға тыйым салынады, сондай-ақ, бұл құрылғы тамақ емес өнімдерді өңдеуге арналмаған.
- Құрылғы үй-жайдан тысқары жерде пайдалануға арналмағын.
- Өндіруші осы пайдалану жөніндегі Нұсқаулықта қарастырылмаған немесе дұрыс пайдаланбаудың нәтижесінде туындаған залал үшін жауапты емес.

Құрылғының сипаттамасы

Дәмді пісірмелерді пісіруге арналған құрылғы – бұл әртүрлі тағамдық өнім түрлерінен салындысы бар сэндвичтерді құрылғының қыздырғыш панелінде немесе оның екі қыздырғыш панельдерінің аралығында қыздырып пісіру үшін немесе қуыру жолымен әзірлеп, дайындауға арналған құрылғы.

Ескертпе: Сэндвич – бұл екі нан тілімінің арасында түрлі салындылары бар тағамы. Сэндвичтің пішіні құрылғының жұмыс панеліндегі бір ұяшығының пішініне сәйкес келуі керек, екі нан тілімдерінің арасына салынатын салынды нан тілімдерінің шеттерінен шықпауы керек.



Құрылғыны іске қоспас бұрын пайдалануға дайындау

- Құрылғының қаптама қорабын ашып, құрылғыны абайлап алып шығарыңыз, содан кейін құрылғыны және оның жеткізілім жиынтықтылығын тексеріп шығыңыз, құралмен бірге жеткізілетін барлық бұйымдардың зақымдалмағанына көз жеткізіңіз, сонымен қатар құрылғының жеткізілім жиынтықтылығына кіретін барлық бөлшектерінің және керек-жарақтарының болуын тексеріңіз. осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың («Құрылғының жиынтықтылығы») 12 тарауын қарап шығыңыз.
- Құрылғының сыртынан және ішінен барлық орама материалдарды алып тастаңыз.
- Құрылғының корпусымен, оның электрлі желілік баусымның зақымдалмағанына көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны алғаш рет пайдаланбас бұрын, осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың «Тазарту және күтім» б тарауында берілген барлық нұсқауларын басшылыққа ала отырып, тазарту жұмыстарын жүргізіңіз.

Назар аударыңыздар!

- Құрылғыны алғашқы рет пайдаланар алдында, оған тағамдық өнімдерді салмай тұрып, оны жақсы желдетілетін бөлмеде іске қосып, қыздырып алыңыз. Бұл құрылғыны іске қосқан соң, жасыл түсті және қызыл түсті индикаторлары жанады, жасыл түсті индикаторы сөнбегенше күте тұрыңыз – аталған индикатор сөнген соң құрылғы қызды.
- Құрылғының электр желілік баусымын электр желіден ажыратып, құрылғы толық суығанша күте тұрыңыз.

Құрылғыны алғаш рет пайдалану барысында, оның қыздыру элементтері жанып, күйі мүмкін және бұл салдарынан аз ғана мөлшерде түтін шығуы мүмкін, мұндай әсердің болуы қалыпты жағдай болып саналады да, және құрылғының ақаулы екендігін және істен шыққандығын білдірмейді.

Абай болыңыздар! Жұмыс барысында құрылғының сыртқы корпусы қатты қызады, күйіп қалмау үшін құрылғының ыстық қабаттарына қолыңызды тигізбеңіз. Құрылғыны ашу және жабу барысында құрылғы корпусына қорғалмаған қолдарыңызды таямаңыз, тек қана құрылғының тұтқасынан ұстаңыз және де, ыстыққа төзімді асханалық аспаптары мен асүй саймандарын, сондай-ақ, термоқорғалған тұтқыштарды не термоқорғалған ас үй қолғаптарын қолдануға кеңес беріледі (құрылғының жеткізілім жиынтықтығына кірмейді).

Жұмыс тәртібі

Назар аударыңыздар!

Құрылғының үздіксіз жұмыса рұқсат етілген уақыты 30 минут, содан кейін құрылғыны міндетті түрде желіден ажыратып, ол суығанша күте тұру керек.

Желіге қосылып тұрған, сондай-ақ – қызып тұрған құрылғыны көтеруге және онын орын ауыстырып, басқа жерге тасымалдауға тыйым салынады.

Сэндвичтерді әзірлеу

1. Құрылғының қақпағын ашыңыз.
2. Құрылғының жұмыс панельдерінің бетін сары маймен немесе кез келген басқа тағамдық (тоң маймен) майлап алыңыз. Құрылғының қақпағын жабыңыз да, қақпақтың құлпын бекітіңіз.
3. Құрылғының электр желілік баусымның айыртетігін электрлік қоректену желісіне жалғастырып қосыңыз. Құрылғының қақпағында жасыл түсті және қызыл түсті индикаторлары жанады – құрылғы іске қосылған соң, қыза бастайды.
4. Құрылғы толық жұмыс температурасына дейін қызып, қолайлы температураға дейін жеткен соң ғана жасыл түсті индикаторы сөнеді, құрылғы пайдалануға дайын. Құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде, оның қақпағындағы жасыл түспен жанатын индикаторы жұмыс

бойы кезең-кезеңімен қосылып, жана бастайды, содан кейін қайтадан сөнелі, бұл қалыпты жағдай болып табылады. Құрылғыдағы қақпағының құлпын ашыңыз да, құрылғының қақпағын көтеріп ашыңыз. Құрылғыдағы төменгі жұмыс панеліне оның ұяшықтарының өлшеміне сәйкес дайындалған сэндвич нан тілімдерін салыңыз.

5. Құрылғының қақпағын жабыңыз да, қақпақты оның құлпымен бекітіп алыңыз. Сэндвичтерді шамалы 3-4 минут бойы қыздырып пісіруге кеңес беріледі, бірақ сэндвичтердің әзірлену уақытысы оның нан тілімдерін қай деңгейге дейін қуырып алу қажет, сонымен қатар сэндвичтерге салынатын салындысының салма мөлшеріне де, оның түріне де байланысты болады.
6. Құрылғының қақпағын ашыңыз, дайын сэндвичтерді ыстыққа төзімді пластмассадан жасалған немесе ағаш қалақшаның көмегімен шығарып алыңыз. Құрылғының жұмыс панельдерінің бетін бүлдіріп алмас үшін, піспенанды шығару барысында метал асүй бұйымдар мен үшкір металл заттарды (шанышқы, пышақ және т.с.с.) немесе кез келген өткір заттарды қолданбаңыз.
7. Бұл құрылғы автоматты сөндіргішке ие емес. Тағамды пісіріп болған соң, құрылғыны сөндіру үшін, оның электр желілік баусымның айыртетігін жалғасып тұрған электрлік қоректену желісінен ажыратып алыңыз.

Жоғарыда аталған тағамды пісіру үшін оның әзірлену уақытысы осы нұсқаулықта ұсынылған уақыттан өзгеше болуы мүмкін.

Тазарту және күтім жөніндегі нұсқаулар

- Құрылғының электр желілік баусымның айыртетігін жалғасып тұрған электрлік қоректену желісінен ажыратып алыңыз.
- Құрылғы толығымен суығанша күте тұрыңыз, тазартуды тек құрылғы толық суыған соң ғана бастауға болады.
- **Назар аударыңыздар:** құрылғының жұмыс панельдері шешілмейді.
- Құрылғыны әрбір пайдаланған сайын тазарту қажет. Бұл құрылғыны тазартпас бұрын, оның сыртын және ішін әркез тағам қалдықтарынан және өзге де ластанулардан сүртіп тазартыңыз. Құрылғыға тағам қалдықтары қатып, жабысып қалмас үшін тазарту үдерісін ұзақ уақытқа қалдырмаңыз
- Бұл құрылғыны суға және өзге де сұйықтықтарға батырып салмаңыз. Құрылғының электрмен қоректендіретін электр жалғауына, оның электр баусымына және желілік баусымның айыртетігіне, яғни оның барлық электрлі байланыстарға судың тиіп кетпеуін үнемі қадағалаңыз.
- Күйіп жабысып қалған тағам қалдықтарын жою үшін кез келген жұмсақ түкті қылшақты пайдаланыңыз (құрылғының жеткізілім жиынтықтығына кірмейді). Құрылғының жұмыс панельдерін сәл ғана дымқыл сүлгімен немесе матамен сүртіп шығыңыз.
- Құрылғыны тазарту барысында немесе оның жұмыс панельдерін жуып, тазартқан кезде металл қылшақтарды және абразивті заттары бар жуғыш не тазартқыш құрылғыларды пайдалануға тыйым салынады.
- Құрылғының сыртқы корпусын құрғақ немесе сәл ғана дымқыл матамен сүртіп шығыңыз да, құрылғыны бөлме температурада қалдырыңыз.

Құрылғыны сақтау жөніндегі ережелері

Құрылғыны сақтауға алып қоймас бұрын, оны тазартып алыңыз.

Құрылғының электр желілік баусымын орап жинаңыз.

Электрлі құралдар қоршаған ауа температурасы плюс 40°C градустан аспайтын және салыстырмалы ылғалдығы 70% пайыздан жоғары емес, қышқылды және электрлі құралдар материалдарына теріс әсер ететін өзге де будың, шаңның болмауы жағдайында жабық, құрғақ әрі таза бөлмежайда сақталуы тиіс.

Құрылғыны балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

Құрылғыны тасымалдау жөніндегі ережелері

Электрлік құрылғылардың тасымалдауы нақты бір көлік түрінде әрекет ететін жүкті тасымалдау және механикаландырылған жүк тиеу-түсіру жұмыстарын қамтамасыз ететін, жүкті көлігімен тасымалдау қағидаларына сәйкес көліктің барлық жабық түрлерінде кез келген көлік құрылғыларымен жүзеге асырылады. Құралдарды тасымалдау барысында бүлінуден сақтау әрекеті қамтамасыз етілуі тиіс, бұл электрлік құрылғыны тасымалдау үшін оның түпнұсқалық зауыттық орамасы мен қаптама қорабын пайдаланыңыз.

Электрлік құрылғыларды тасымалдау барысында оларды тікелей механикалық бүлінулерден, қызудан, оған тіке күн сәулесінің, атмосфералық жауын-шашындардың түсуінен, ылғал мен агрессивті жемірлі орталар әсер етуінен қорғау шарттары қамтамасыз етілуі керек, сондай-ақ, құрылғылардың бұзылу қаупін туғызатын себептерін болдырмау үшін жоғарыда аталған әсерлердің кездейсоқ тигізу мүмкіндігін болдырмауы керек.

Бұл құрылғыны тауар ретінде өткізу жөніндегі ережелері

Бұл құрылғыны тауар ретінде өткізу жөніндегі ережелері белгіленген емес.



Осы құрылғыны пайдалану барысында жарақаттанып қалу мүмкіндігін болдырмау мақсатында, сондай-ақ бұл құрылғының бұзылу қаупін туғызатын себептерін болдырмау үшін, сонымен қатар өрт қаупі бар жағдайларды болдырмау үшін осы нұсқалықта берілген барлық қауіпсіздік жөніндегі талаптары мен ережелерін және тұрмыстық электрлік құрылғылармен пайдалану кезіндегі қауіпсіздік бойынша барлық қолданыстағы жалпы нұсқауларын және техникалық пайдалану қағидаларын, сонымен бірге бұл құрылғымен жұмыс атқару барысындағы қауіпсіздік жөніндегі негізгі сақтық шараларын қатаң сақтау қажет.

Осы құрылғымен жұмыс атқару барысындағы қауіпсіздік жөніндегі сақтық шаралары

- Бұл құрылғы осы пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес, тек қана үйде тұрмыстық мақсатта пайдаланылуы тиіс. Құрылғыны комерциялық аумақта жоғары жұмыс қарқындылығында пайдалану, бұл құрылғының шамадан тыс жүктелуіне әкеліп соғады, сонымен құрылғыны шамадан артық ауыр жүктемеде қолданылуы, оның жұмыс істеу мерзімін азайтып, істен шығуына немесе зақымдалуына әкеледі, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіруге әкеп соғуы мүмкін.
- Іске қосылып, жұмыс істеп тұрған құрылғыны қадағалаусыз қалдырмаңыз.
- Құрылғының қоректендіру сымның үстелден салбырап тұруына жол бермеңіз, әйтпесе құрал аударылып құлауы мүмкін.
- Жұмыс барысында құрылғының сыртқы корпусы қатты қызады, күйіп қалмау үшін құрылғының ыстық қабаттарына қолдарыңызды тигізбеңіз. Құрылғыны ашу және жабу барысында құрылғы корпусына қорғалмаған қолдарыңызды таямаңыз, тек қана құрылғының тұтқасынан ұстаңыз және де, ыстыққа төзімді термоқорғалған тұтқыштарды, сондай-ақ термоқорғалған ас үй қолғаптарын қолдануға кеңес беріледі.
- Құрылғы іске қосылып, жұмыс істеп тұрған кезде, оны қандай да бір бөгде заттармен, мысалы, қағазбен, сүлгімен, матадан жасалған төсемдермен немесе өзге де заттармен жаппаңыз, сонымен бірге оның үстіне ешбір заттарды қоймаңыз.
- Құрылғының жұмыс панельдерінің арасындағы саңылаулардан шығатын будан абай болыңыз. Қолыңызды құрылғының маңына жақындатпаңыз.
- Құрылғыны мұздатылған тағамдық өнімдерді әзірлеу үшін қолданбаңыз, тағамдық өнімдерді әзірлемес бұрын оларды мұздан еріту қажет.

- Құрылғының жұмыс панельдерінің үстінгі қабатындағы күйіп кетуден сақтайтын жабынын бүлдіріп алмас үшін, ешуақытта метал асүй бұйымдар мен үшкір металл заттарды (шанышқы, пышақ және т.с.с.) немесе кез келген өткір заттарды қолданбаңыз, сондай-ақ, жұмыс панельдерінің үстінде тағамдық өнімдерді кеспеніз. Күйіп қалудан қорғайтын жабыны бар ыдыстарға арналған асханалық аспаптары мен ыстыққа төзімді асүй саймандарын, сондай-ақ, термоқорғалған тұтқыштарды не термоқорғалған ас үй қолғаптарын қолданыңыз.
- Ыстық құрылғының орнын ауыстырмаңыз, құрылғы толық суығанша күте тұрыңыз.
- Құрылғыны қандай да бір затты кептіру және жылыту үшін қолданбаңыз.
- Құрылғыны жылу көздерінің маңайында, сондай-ақ, жоғары температура әсерінен құрылғының түрін не оның пішінің өзгертетін тұрмыстық бұйымдарының қасында, сонымен бірге газ не электр пештің қасында қолданбаңыз, сонымен қатар, бұл құрылғыны газ не электр пештің үстіне, яғни от астына қоюға болмайды.
- Құрылғыны тез тұтанатын бұйымдар мен жанғыш заттардың маңында, сонымен қатар, жылу шығаратын көздерінің не бұйымдарының қасында, сондай-ақ, жоғары температура әсерінен бөлменің ішкі көрінісіндегі қандай да бір заттардың түрін не олардың пішінің өзгертетін тұрмыстық бұйымдарының маңайында, немесе олардың үстіне не астына қойып, қолданбаңыз.
- Құрылғыны тек қана жақсы желдетілетін бөлмежайда пайдаланыңыз.
- Әр жолы тағамды әзірлеп болған соң, құрылғының электр желілік баусымның штепсельдік айыртетігін электрлік желісінен ажыратып алыңыз.
- Өндіруші осы нұсқалықта берілген барлық қауіпсіздік жөніндегі талаптарын сақтамау салдарынан туындаған залал үшін, сондай-ақ - осы пайдалану жөніндегі Нұсқаулықта қарастырылмаған немесе дұрыс пайдаланбаудың нәтижесінде туындаған залал үшін жауапты емес.

Назар аударыңыздар!

Тағамдық өнімдер әзірленіп болғаннан кейін, оларды құрылғыдан бірден шығарыңыз, егер әзірленген тағамдық өнімдер іске қосылып тұрған құрылғының ішінде ұзақ уақытқа қалатын болса, олар күйіп кетуі мүмкін, сонымен қатар бұл салдарынан өрттің шығуы да мүмкін.

Тұрмыстық электрлік құрылғылармен пайдалану барысындағы қауіпсіздік жөніндегі жалпы нұсқаулар

- Бұл құрылғы электр энергетикасы саласындағы заңнамада белгіленген талаптарға сәйкес пайдаланылуы тиіс, яғни құрылғының пайдалануы «Тұтынушылардың электрлік қондырғыларын техникалық пайдалану қағидалары» бойынша тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану тәртібін айқындайтын ережелерінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.
- Әр жолы құрылғыны іске қоспас бұрын, оны қарап шығыңыз. Бұл құрылғының және оның электр желілік баусымның қандай да бір ақаулығы анықталған жағдайда, құрылғыны электр желіге, ашалы розеткаға қосуға мүлдем болмайды.
- Құрылғы еденге, жерге құлаған жағдайда, оның көзге анық көрінетін қандай да бір ақаулығы (зақымдауы) байқалған кезде, құрылғыны қолданбаңыз. Құрылғыны пайдаланбас бұрын оны білікті маманға көрсету қажет, оны тек қызмет көрсету орталығының қызметкері ғана тексеру тиіс.
- Егер Сіз құрылғының жұмыс жасау мүмкіндігіне күмән келтірсеңіз, құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Аталған құрылғыны қолдануға қатысты қауіпсіздіктері үшін жауап беретін тұлғаның нұсқаулығы жүргізілген немесе қадағалау жүзеге асырылған кездерді есепке алмағанда, кембағал, сезім мүкістігі бар немесе ақыл-есі кем, сондай-ақ, құрылғыны қолдану білімі мен тәжірибесі жоқ не қолдана білмейтін адамдар немесе жүйке жүйесінде немесе психикалық, физикалық ауытқулары бар тұлғалардың (балаларды қоса алғанда) қолдануына арналмаған. Олар бұл құрылғыны өз қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамның нұсқауы немесе қадағалауы бойынша пайдалануға тиіс. Балалардың құрылғымен ойнауына жол бермеу үшін оларды қадағалап отырыңыз.
- Іске қосылып, жұмыс істеп тұрған құрылғыны қадағалаусыз қалдырмаңыз. Құрылғыны балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

Назар аударыңыздар!

Құрылғыны ванна, ыдыс-аяқ жуатын шұңғылша немесе сумен толтырылған басқа ыдыстардың қасында пайдалануға болмайды.

Сондай-ақ, бұл құрылғыны ылғалдығы жоғары бөлмежайларда пайдалануға мүлдем болмайды. Құрылғыны ешбір жағдайда суға немесе басқа сұйықтықтарға батырып салуға мүлдем болмайды. Іске қосылып, жұмыс істеп тұрған құрылғыны ылғал қолмен ұстауға болмайды. Құрылғы дымқылданса, оның электр желілік баусымның айыртетігін бірден электрлік қоректену желіден ажыратыңыз.

Құрылғы суға түсіп кеткен жағдайда, оны бірден электрлік қоректену желіден ажыратыңыз. Сонымен бұл кезде қолды суға малуға мүлдем болмайды. Құрылғыны екінші мәрте пайдаланудың алдында, оны білікті маман тексеріп шығуы керек.

- Құрылғыны бөлмежайдан тысқары жерде пайдаланбаңыз. Құрылғыны сүйір бұрыштарға соғылуынан сақтаңыз. Құрылғы және оның электрлі желілік баусымы ыстық ауаның тікелей күн көзіне, жоғары температураның әсеріне, тікелей күннің жарық сәулесінің және де жауын-шашындардың түсуіне және ылғалға ұшырамайтындай етіп, яғни құрылғылардың бұзылу қаупін туғызатын себептерін болдырмайтындай етіп, сақталуы керек.
- Құрылғыны тек қана ауыспалы тоқ көзіне ғана қосыңыз (~). Құрылғының электр желілік баусымның айыртетігін электр желіге жалғастырып қоспас бұрын, құрылғының техникалық сипаттамаларында көрсетілген кернеудің параметрлері Сіздің үйіңіздегі электрлік желісінде қолданылатын кернеуіне, яғни электрлік желінің параметрлеріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны тек қана жерге тұйықталған желіге ғана қосуға қажет. Сіздің қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету үшін жерлендіру бекітілген электр техникалық нормаларға сәйкес келуі тиіс. Техникалық стандартқа сай келмейтін қуат беру және электрлік қоректендіру көздері мен ұзартқыш және үшжақты жалғаулық секілді қосу құрылғыларын пайдаланбаңыз.
- Қосымша қорғаныс үшін асүй техникасының электр қоректендіру тізбегіне 30 мА-дан аспайтын, іске қосылуы қарастырылған номиналды тоғы бар қорғаныс сөндіру құрылғысын (ҚСҚ) орнатуға кеңес беріледі. ҚСҚ орнатқан кезде кеңес алу үшін білікті маманға хабарласқан жөн.
- **Кез келген ақау бола тұра құрылғыны іске қосу Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.**
- Құрылғымен пайдаланып болғаннан кейін, сонымен қатар, құрылғыны тазартпас бұрын немесе құрылғы сынып, істен шыққан жағдайда, сондай-ақ, құрылғының бөліктері мен бөлшектерін орнатпас бұрын немесе оларды бөлшектеу қажет болған жағдайда, оны әрдайым желіден ажырату қажет.
- Электр желінің шамадан артық жұмыс істеуіне жол бермеңіз, әйтпесе оқыс жағдай орын алуы мүмкін немесе құрылғы зақымдалуы мүмкін. Ол үшін жалғастырғыш құралдың көмегімен өзге құралдарды бір ашалы розеткаға қоспаңыз.
- Құрылғыны оның электрлік қоректену желілік баусымнан ұстап тасымалдауға болмайды. Сондай-ақ, құрылғыны оның электрлік қоректену желілік баусымнан ұста, тартып электрлік қоректену желісінен ажыратуға тыйым салынады. Құрылғының қуат өткізетін электрлі желілік баусымын электрлік қоректену желіден ажыратқан кезде, тек қана оның электр желілік баусымның штепсельді айыртетігінен ұстаңыз.
- Құрылғының электр желілік баусымның штепсельді айыртетігін электр желіге жалғастырып қосқан кезде немесе оны электр желіден ажырату барысында, электрлік тоқ соққысынан сақтану үшін, оның электр желілік баусымдағы штепсельді айыртетігінің металл бөліктеріне қолыңызды тигізбеңіз.
- Құрылғымен пайдаланып болған соң, оның электрлі қоректендіргіш баусымын құрылғыны айналдыра орауға болмайды, себебі, уақыт өте келе бұл баусымның үзілуіне әкеп соғуы мүмкін. Қашанда құрылғыны сақтау үшін оның электр желілік баусымын жақсылап тарқатыңыз.
- Құрылғының электр желілік баусымын тек қана білікті мамандар – қызмет көрсету орталығының қызметкерлері ғана ауыстыра алады. Жөндеу жұмыстарын біліктілігі жоқ немесе біліктілігі төмен деңгейдегі не санаты жоқ тұлға тарапынан жасалған болса, бұл қолданушыны қауіп-қатерге ұшыратуы мүмкін.

- Кепілдік қызмет көрсету әрекетін сақтау мақсатында және техникалық мәселелерінің алдын алу үшін бұл құрылғыны өз бетіңізбен бөлшектеуге және жөндеуге тырыспаңыз. Жөндеу жұмыстарын тек қызмет көрсету орталығының білікті мамандары ғана жүзеге асыруы керек.
- Құрылғыны жөндеу үшін тек қана түпнұсқалы қосалқы бөлшектерді пайдалануға қажет.



Назар аударыңыздар! Пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін электр құрылғыны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтырмай, оны одан әрі кәдеге жарату мақсатында, қалдықтарды қабылдаумен, қайта өңдеумен және кәдеге жаратумен айналысатын ресми пунктке өткізіңіз. Сөйтіп, Сіз қоршаған ортаны сақтауға көмектесесіз.

Құрылғының жиынтықтылығы

Құрылғы	1 дана.
Пайдалану жөніндегі нұсқаулық	1 дана.
Кепілдік талоны	1 дана.
Қызмет көрсету орталықтарының тізімі	1 дана.
Құрылғының орамасы (полиэтилен пакеті + қорабы)	1 дана.

Жарамсыз деп табылған тұрмыстық электрлік құрылғылар мен техникалық бұйымдарды кәдеге жарату жөніндегі талаптар

Жарамсыз деп табылған тұрмыстық электрлік құрылғылар мен техникалық бұйымдарды кәдеге жарату барысында пайда болатын қатты тұрмыстық қалдықтар белгіленген тәртіппен және салалық нормативті құжаттары бойынша көзделген қолданыстағы ережелер мен нормаларға сәйкес, соның ішінде «Өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыру мен залалсыздандыру бойынша гигиеналық талаптар» Санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға 2.1.7.1322-03 сәйкес кәдеге жарату үшін міндетті түрде жиналуы тиіс.

Құрылғының техникалық сипаттамалары

PST 0301 - POLARIS сауда таңбасымен шығарылатын дәмді пісірлемелерді пісіруге арналған электрлік құрылғы

Кернеуі: 220 – 240 В.

Жиілігі: 50-60 Гц.

Қуаттылығы: 750 Вт.

Қорғаныс жіктелімі - I.

Ескертпе: Өзгерістер мен жетілдіруді енгізудің ұдайы үрдісінің орын алуынан, нұсқаулық пен бұйымның арасында қандай да бір айырмашылық байқалуы мүмкін. Өндіруші, тұтынушының бұған назар аударатынына үлкен үміт артады. Нұсқаулықтың соңғы нұсқасын www.polar.ru сайтынан таба аласыз.

Ақауларды іздестіру және оларды жою тәсілдері

Ақауларға қатысты мәселелер	Ақаулардың пайда болуы мүмкін себебі	Ақауларды жою тәсілдері
Құрылғының электр желілік баусымның айыртетігін электр желіге жалғастырып қосқан кезде құрылғы іске	Ашталы розетка ақаулы шығар, тексеріңіз.	Электр ашталы розеткаға басқа құрылғыны жалғастырып, оның кернеуін тексеріңіз.
	Құрылғының электр желілік баусымы зақымдалған немесе	Авторландырылған (өкілетті) қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз, бұл ақауды жөндеу шеберханасының маманы

қосылмайды.	бүлінген тексеріңіз.	шығар,	ғана жоя алады.
-------------	-------------------------	--------	-----------------

СЕРТИФИКАТТАУ ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТ

Құрылғының құрылымы «Төмен вольтты құрылғы қауіпсіздігі жөнінде» ТР ТС 004/2011, сондай-ақ, «Техникалық құралдардың электрлі-магнитті сәйкестігі» ТР ТС 020/2011 талаптарына сәйкес келеді.



Бұйымның есептік жарамдылық мерзімі: 3 жыл.
Кепілдік мерзімі: сатып алған күннен бастап 1 жыл.
Құрылғының өңделіп шығарылған күні мен жылы құрылғының техникалық төлқұжатында көрсетілген.

Өндіруші:

TEXTON CORPORATION LLC - «ТЕКСТОН КОРПОРЕЙШН» ЖШҚ
 160 Greentree Drive, Suite 101, City Dover, Country of Kent, State of Delaware 19904, United States of America
 160 Гринтри Драйв, 101 тұрғын үй-жайі, Дувр қаласы, Кент округі, Делавэр Штаты, 19904, Америка Құрама Штаттары.

Ресей аумағындағы импорттаушы: "ПоларисИнт" ЖШҚ,
 105005, Ресей, Мәскеу қаласы, 2-ші Бауманская көшесі., 7-үй, 5-ші тұрғын үй құрылысы, 26-ші бөлмесі
 Тел: +7 (495) 369-21-01

Ресей Федерациясының және Беларусь Республикасының аумағында өкілетті өкілі
 «ДС-Сервис» ЖШҚ, 109518, Мәскеу қаласы, Волжский желекжолы, 5-үй.
 Бірыңғай анықтамалық қызметтің телефон нөмірі: 8 800 700 11 78

Зауытта:

NINGBO KAIBO GROUP CO., LTD - НИНБО КАЙБО ГРУП КО., ЛТД
 The Northern Industrial Park of Zhouxiang, Cixi, 315324, Ningbo,
 Северный Промышленный парк, Чжоусян, Цыси, 315324, Нинбо, Китай

КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕ

Бұйым: дәмді пісірлемелерді пісіруге арналған құрылғы

Үлгісі: PST 0301

Бұл кепілдік әрекеттегі заңдылықпен бекітілген тұтынушының құқығына қосымша ретінде өндірушімен берілген, және тұтынушының құқығын еш шектемейді.

Бұл кепілдік бұйымды сатып алған күннен 12 ай бойына әрекетте болады, және материалдар мен жұмыс істеуіне байланысты ақаулар табылған жағдайда кепілдік қызмет көрсетуді білдіреді. Бұл жағдайда тұтынушы басқасын қоса алғанда, бұйымды тегін жөндеуге құқықты. Бұл кепілдік келесі шарттарды сақтағанда, жарамды:

1. Кепілдік міндеттеме «TEXTON CORPORATION LLC» компаниясы шығаратын барлық үлгілерге, кепілдік қызмет көрсетілетін елдердің барлығында жарамды (сатып алған жеріне қарамастан).
2. Бұйым тек қана тұрмыстық қажеттіліктерге пайдалану үшін сатып алынуы тиіс. Бұйым пайдалану бойынша нұсқаулыққа, қауіпсіздік бойынша ережелер мен талаптарды сақтай отырып, пайдаланылуы тиіс.
3. Өндірушінің міндеттемесін осы кепілдік бойынша сатушылар – өндірушінің уәкілетті дилерлері және ресми қызмет көрсететін (қызмет көрсету) орталықтар орындайды. Бұл кепілдік өндіруші құзырлық бермеген сатушылардан сатып алынған бұйымдарға таралмайды, олар тұтынушы алдында заңға сәйкес, өздігінен жауап береді.
4. Бұл кепілдік келесі жәйттердің нәтижесінде пайда болған ақауларды жөндеуге, сондай-ақ бұйымның сыртқы түрінің өзгеруіне, яғни құрылғының бетінде сыртқы өзгерістер болған жағдайда таралмайды, егер де:
 - Бұл кепілдік химиялық, механикалық немесе өзге де әсер етулер болған жағдайда, сондай-ақ, бұйымның ішіне сұйықтық төгілген жағдайда, сонымен қатар, құрт-құмырсқа немесе шыбын-шіркей секілді бөгде заттардың бұйымның ішіне түсіп кетуі, сонымен бірге, бұл ақау микроорганизмдердің, шыбын-шіркей, құрт-құмырсқа секілді жәндіктер мен зиянкестер топтарының іс-әрекет, тіршілігінің салдары нәтижесінде туындаған ақауы үшін таралмайды;
 - Бұйымды тікелей мақсаты бойынша емес, дұрыс пайдаланбағанда, оның жиынтықтығына кірмейтін, қосымша керек-жарақтарын пайдаланғанда, сондай-ақ, бұйымды техника қауіпсіздігі ережелері мен талаптарын бұза отырып, орнатқанда және пайдаланғанда.
 - Құрылғыны қалыпты пайдалану салдарынан пайда болған сыртқы өзгерістер байқалса, сондай-ақ, құрылғының функционалдық қасиетіне әсер тигізбейтін, қалыпты түрде тозған жағдайда: құралдың ішкі және сыртқы қабатының механикалық бүлінуі (металдың ішіне майысу, сызаттың түсуі, сыртқы түс түрінің өзгеруі не тіпті жоғалуы немесе қажалып бүлінуі), металл түсінің қалыпты өзгеруі, сондай-ақ, құрылғының металл бетінде құбылмалы немесе қара дақтардың пайда болуы, сонымен қатар, құрылғының жабыны бүлінген жерлеінде тоттанудың салдарынан металдың бұзылуы, яғни металдың бетінде тотқа қарсы жабыны жоқ және жабыны бар жерлерінде коррозияның орын алуы салдарынан зақымдалған болса;
 - Жарамдылық мерзімі шектеулі әрлеу бөлшектері және шам, батареялар, қоқыс жинауға арналған сыйымдылықтар, белдіктер, қылшақтар, қорғаныс экрандары тозған жағдайда, сондай-ақ басқа да бұйымдарды, олардың пайдалану мерзімі шектеулі болған жағдайда.
 - Авторландырылған (өкілетті) қызмет көрсету орталықтар болып табылмайтын*, тұлғалар немесе фирмалар өндірген бұйымдардың жөндеуін жүргізген жағдайда;
5. Бұл кепілдік тек талонның түпнұсқасымен, сатушы берген тауарлы чектің түпнұсқасымен және ақауы табылған бұйыммен бірге көрсеткенде ғана жарамды болмақ.
6. Бұл кепілдік тек қана жеке тұрмыстық қажеттілік үшін пайдаланылатын бұйымдарға ғана жарамды, және коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсатта қолданылатын бұйымдарға таралмайды.

POLARIS бұйымдарына кепілдік қызмет көрсету мәселелері бойынша Өзіңіздің жергілікті POLARIS ресми сатушыңызға хабарласыңыз.

Құрылғының ақаулы екендігі анықталған жағдайда, тез арада қызмет көрсету орталығына хабарласу қажет.

* Авторландырылған (өкілетті) сервистік, яғни қызмет көрсету орталықтардың мекен-жайлары жөніндегі ақпаратты Компания сайтында көре аласыз: www.polar.ru

Жеткізуші құрылғыны тасымалдау барысында, дұрыс емес пайдалану салдарынан, сондай-ақ, модификациялау (жаңадан жасау; қайта жасау; қайта құрастыру; түрлендіру, өзгерту) құрылғының түрін өзгертіп, түрлендіру әрекетіне байланысты, немесе өздігінен жөндеу жұмысын жүргізудің нәтижесінде туындаған ақау үшін жауапты емес.